Бекітемін
«Күншуақ» бөбекжай – бақшасы»
МКҚК меңгерушісі:
Ж.А. Курманова ___________

## Педагогикалық кеңес

**Мақсаты:** «Тәрбие - оқыту үрдісінде заманауи әдістерді қолдану барысында ұжымның заман талабына сай қызмет көрсету дербестігін арттыру»

| № | Уақыты | Мазмұны | Негіздеме | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Тамыз | **№1 Педагогикалық кеңес**<br>Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие – оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»<br>Күн тәртібі:<br>1. Педагогикалық кеңес құрамын қайта бекіту, хатшы сайлау.<br>2. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы<br>3. Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекітуге ұсыну<br>4. Бөбекжайдың сараптау және аттестаттау комиссиясының құрамын бекіту<br>5. Педагогикалық қызметкерлердің тамыз кеңесінің нәтижелері, педагогтарды марапаттау және мадақтау;<br><br>6. Ағымдағы мәселелер:<br>➢ Оқу жұмыс жоспары<br>➢ бағдарламалар, шығармашылық жобаларды және педагогтардың перспективалық жоспарларын, циклограммасын, мамандардың ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесін, күн тәртібін бекіту<br>➢ Педагогтардың біліктілікті арттыру курстарынан өту кестесі;<br>➢ Аттестация нәтижесі бойынша тәрбиешілерді марапаттау | Есеп беру<br>Жылдық жоспар<br><br>Бұйрықтар<br>Баяндама<br><br>Нормативтік құжаттар<br>Топтардың перспективалық жоспарлары, циклограммасы, мамандардың ҰІӘ кестесі, күн тәртібі, бағдарлама<br>Педагогтарды аттестаттау ережесі | меңгеруші<br><br>әдіскер<br>әдіскер<br><br>меңгеруші<br><br>әдіскер<br>әдіскер<br><br>әдіскер<br><br>меңгеруші |


«Мектепке дейінгі
ұйымның жаңа оқу
жылына дайындығы,
тәрбие – оқыту
процесінің бағытын
ұйымдастыру»
1+1=2
DELUXE







**«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК бойынша**
**педагогикалық кеңестің № 1 хаттамасы**

**29.08.2024 ж**

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы; тәрбие-оқыту процесінің бағытын ұйымдастыру»

**Күн тәртібінде:**

1.Бөбекжай жұмысының жаңа оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талдау және бекітуге ұсыну.
2. Жаңа жүйе бойынша педагогтерді аттестаттау.
3. Жазғы сауықтыру жұмысының қорытындысы.
4. Педагогикалық кеңестің шешімі.

**Тыңдалды.**

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі: Ж.А.Курманова сөз алып, педагогтарды ҚР Оқу - ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуіріндегі № 72 бұйырығы «Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» ережелерімен, сонымен қатар «Ұстаз платформасының» ережелеріне сәйкес толтыру туралы, педагогикалық қызмекерлерді аттестаттаудан өткізу негіздері мен тәртібі туралы таныстырды.
«Биылғы оқу жылында біліктілік санатын алуға үміткер педагогтар тізімін атап шықты:

**Педаог- зерттеуші санатына- 1 педагог**
1. Абдыкова А.Т
**Педагог-модератор біліктілік санатына 5 педагог:**
1. Орынбасарова Ж.С
2. Қорғанбаева Р.Ж
3. Қазыбаева Ж.Б
4. Кисекбаева Г.Ж
5. Карагулова Н.А

1. **Тәрбиеші: Абдыкова А.Т** білімі –арнаулы орта, еңбек өтілі 13 жыл, «педагог-зерттеуші» санатын алуға үміткер. Абдыкова А.Т балабақша тәрбиеленушілеріне қызықты да тартымды, мәнді де мағыналы өткізуді жоспарлай біледі. Балалардың заман талабына сай білімдерін жетілдіріп,, шығармашылық жұмыспен жұмыстанып, қолынан келгенше балабақшаішілік педагогикалық жұмыс барысында қолынан келгенше көмектесуге тырысады. Мектепке дейінгі ұйымдардағы жұмыстардың басты бағыты тәрбиелеу және оқыту процесін жүйелі жоспарлау мақсатында үнемі жаңашыл болуға, ізденістегі тәрбиеші.
2. **Қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова** білімі Еңбек өтілі- әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуынаәсер ететін жағдайлармен қамтамасыз етуді және баланың өзін-өзі сыйлауға өзгені құрметтеуге үйрету басты мақсаттарының бірі санайды.қалыптастырады. Әр баламен жеке жұмыстар жасап, көңіл бөле біледі.

3. **Қорғанбаева Р.Ж :** Білімі- арнаулы орта 2жыл 6 ай. Педагог жан-жақты, терең, оқыту әдістері жетік, кәсіби шебер, шығармашыл, музыкалық деңгейде іздемпаз,

білімділігі мен мәдениеттілігі бір-бірімен ұштасқан қоғам өміріне белсенді араласатын педагог.

4. **Тәрбиеші: Қазыбаева Ж.Б** Білімі- арнаулы орта. Педагог ұқыпты, тиянақты, жауапкершілігі мол, шығармашыл тәрбиеші. Білімі- арнаулы орта. Еңбек өтілі – 9 жыл. Тәрбиеші ұйымдастырылған әрбір іс-әрекетінде балалардың қызығушылығын арттырып, олардың білімге деген ұмтылысын, белсенділігін көптеген дидактикалық ойындар мен қимылды ойындарын тиімді пайдалана отырып

5. **Тәрбиеші: Кисекбаева Г. Ж** білімі-жоғары білімді, еңбек өтілі- 20 жыл. Тәрбиеші ата-аналармен тығыз байланыста. Соның дәлелі ретінде кез –келген іс-шарада ата-аналарымен бірлесіп жоғары деңгейде айта аламын. Тәрбиеші ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде жаңашылдықпен жаңа бағытта балалармен жұмыстарын көрсете отырып, тәрбиеленушілеріне тәрбие мен білімді беруде жақсы көрсеткіштерге ие.

**6. Н.А. Карагулова** білімі - арнаулы орта. Еңбек өтілі-3 жыл. Тәрбиеші балалардың танымдық белсенділігін, шығармашылығын арттыру үшін үнемі ізденіп,
жас жеткіншектерді отан сүйгіштікке, елжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелейді.

Жоғарыда аталған педагогтер өз деңгейіндегі санаттарына өтуге өтініш берді. Педагогтер соңғы 5 жылда жиналған жетістіктері ҚР Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуіріндегі № 72 бұйрығы «Педагогтарды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары» талаптарына сәйкес келеді.

Шешімі:

1. Педагогтер Абдыкова А.Т «педагог-зерттеуші» санатына және де «педагог-модератор» санатына Орынбасарова Ж.С, Қорғанбава. Р.Ж, Қазыбаева Ж.Б, Кисекбаева Г.Ж, Карагулова Н.А біліктілік санаттарына қойылатын талаптарға сәйкес, «педагог-модератор» біліктілік санатына ұсынылсын. Педагогтердің барлық құжаттары «Ұстаз платформасы» жүйесіне ҚР Оқу – ағарту министрінің 2024 жылғы 2 сәуіріндегі № 72 бұйрығының 15 қосымшасына сәйкес жинақталсын.

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы»
МКҚК меңгерушісі Ж.А.Курманова

Хатшы: А.Т.Абдыкова